1-қыркүйек Білім күніне орай 113 Қаракөл орта мектебінде “Ер есімі-ел есінде” тақырыбында жас ұрпақты Ұлы Отан соғысына қатысқан аталар ерлігін білуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында АӘД пәнінің мұғалімі Б. Лаубаев бейнеролик көрсете отырып 10-11 сынып оқушыларымен ерлік сағатын өткізді.



<https://www.facebook.com/share/p/179p6BuYku/>

«Күй күмбірі»-қоңыраудың орнынан күнделікті күйді пайдалану үстіндеміз.

«Апта дәйексөздері» оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің лейтмотиві ұйымдастырлуда.Апта дәйексөздері сыныптарда және фойеде экран арқылы қосылып оқушыларға көрінетін жерлерге орналастырылды.

113 Қаракөл орта мектебінде 08.09.2023ж күні “9 айға-9 іс-шара” тұжырымдамасына сәйкес, балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “Сергіту сәті” атты Республикалық челленджі аталып өтіліп, барлық мектеп оқушылары қамтылды.Оқушылар би билеп, түрлі жаттығулар жасап, спорттық ойындар ойнады.



<https://www.facebook.com/share/p/1GQzkkZaEH/>

№113 Қаракөл орта мектебінде АӨТД пәнінің мұғалімі Б. Лаубаевтің ұйымдастыруымен Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген мектебіміздің түлегі Ермек Шертаевпен 8-11сыныптың ер балаларымен кездесу кеші өтті. Оқушылардың әскери қызметті атқару кезіндегі ауыртпалықтарымен қиыншылықтарды қалай жеңу керек деген сұрақтарына тұшымды жауаптар ала отырып, кездесу тартымды өтті. Кездесу барысында елін, жерін қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы мен міндеті екендігі, әскери қызметті адал атқарып, батыл қорғаушы болуға шақырды.



<https://www.facebook.com/share/p/1JB8RLQd2s/>

№113 Қаракөл орта мектебінде, біртұтас кешенді жоспарға сәйкес 5-10 -сыныптар аралығындағы оқушылар"Балалар және театр" үйірмесінің жұмыс жоспарымен танысты. Үйірме жұмысының мақсат-міндеттерімен, алдағы өтетін іс-шаралар мен қойылымдарға шолу жасалды. Үйірме жетекшісі-Ж. Изимова



<https://www.facebook.com/share/p/14JFkZFSUdc/>

«Айтыс-бабалар мұрасы»

№113 Қаракөл орта мектебінде жоспарға сай «Айтыс-бабалар мұрасы» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Айтыс-қазақ халқының ежелден келе жатырған сөз өнері. Ауыз әдебиетінде қалыптасқан поэзияның ерекше жанры. Ақынның жаттанды сөздерді сирек қолданып, суырып-салма өнермен ерекшеленетін, ұшқыр ойы мен сөз саптауын, тапқырлығын талап ететін өнердің түрі. Мектеп оқушыларында ұлттық тәрбие, ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында мектебімізде де айтыс өнері дәріптелуде. Оқушыларды айтыс, ақындық өнерге баулу барысында айтыс өнері жайында жалпы түсінік беру жұмыстары жүргізілді.



<https://www.facebook.com/share/v/16EgYit9mt/>

Қазақ "Қариясы бар ел - қазынасы бар ел" дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау-біз үшін парыз. "Үлкенге құрмет, кішіге ізет" етіп, тағылымды жол көрсете білген, аға ұрпақтың тәрбиесі мен тәлімі мол. Ауылымыздың ардақты қариясы Жаңғасқаева Әлимаш әжемізді мектеп Жас ұландары мерекесімен құттықтап, қарияға қолғабыс жасады.




<https://www.facebook.com/share/p/1A23bKqLAz/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 5 қазан ұстаздар күніне арналған "Ұстаздық-ұлық емес, ұлы қасиет" атты мерекелік кеш өтті. Салтанатты жиынды мектеп директорының у.м.а Н.Таңбай ашып ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, шығармашылықпен жұмыс жасап, жетістікке жеткен ұстаздарымызды марапаттап, сыйлық табыстады. Ардагер ұстаздарымыз Т.Үмбетбай, С.Тоқмырзаева кешіміздің қадірлі қонағы болды. Оқушыларымыз өз өнерлерін ортаға салып баршамызға мерекелік көңіл күй сыйлады.



<https://www.facebook.com/share/p/1BZKVTfDY1/>

№113 Қаракөл орта мектебінде күз апталығының "Сыбдыры сұлу, Алтын күз" тақырыбында орта буын 5-7-сыныптар арасында күзгі балл сайысы өткізілді. Сайыс нәтижесінде 6 сынып оқушылары 1 орынды иеленді



<https://www.facebook.com/share/p/16Qb5RKMuo/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 21 қазан сенбі күні "Жаңа Қазақстан, Таза табиғат" атты республикалық экологиялық сенбілік ұйымдастырылды. Осыған орай мектебіміздің қызметкерлері мектеп ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді.



<https://www.facebook.com/share/p/1Dc4L6tSvw/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 25 қазан-Республика күніне байланысты “Жасай бер, жайнай бер, Қазақстаным!” атты мерекелік салтанатты жиын болды. Мектеп оқушылары ән айтып, би билеп, жыр шумақтарын арнады. Озат оқушыларымыз “Жас ұлан” ұйымының қатарына салтанатты түрде қабылданды. Ардагерлеріміз мерекелік құттықтауларын жолдады.



<https://www.facebook.com/share/p/17CV4pG8hn/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 27 қазан күні 9-10 сынып оқушыларына Қызылорда облыстық полиция департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы бейнедерісі көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



<https://www.facebook.com/share/p/17UagcWuAs/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 27.10.2023ж. 8-11 сынып оқушыларымен Қармақшы АПБ-нің УПИ-ры, полиция под-полковнигі Қ.Байменовпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға өмір қауіпсіздігі, құқық бұзушылық және күзгі демалыс уақытында қоғамдық тәртіптің алдын алуға байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



<https://www.facebook.com/share/p/1Bb1C6NCc2/>

№113 Қаракөл орта мектебінде күзгі каникул кезінде 1.10.2023. Күні 8-9-10-11 кластар арасында волейболдан жарыс өткізілді

Жарыстың мақсаты: 1.Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру

2.Оқушылардың ой - өрісін дамыту

3.Оқушылардың күш-қуатын арттыру

4.Оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу

Жарысқа барлық сынып оқушылары түгел қатысты жарыстың ашылу салтанаты жасалды.

Ән-ұран айтылып, АӘД пәнінің мұғалімі

Б.Лаубаев оқушыларға сәттілік, жеңіс тілеп жарысты ашып берді.

Жарысқа оқушылар белсене араласып, нәтижесінде Бас жүлде-11 сынып,1-орын-9 сынып,2-орын-8 сынып,3-орын-10 сынып иеленді.

Жарысты Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ. Досбаев өткізді.



<https://www.facebook.com/share/p/1CS8tDjAqE/>

№113 Қаракөл орта мектебінде ұлттық ойын “Асық атудан” 4,5,6 сыныптар арасында жарыс ұйымдастырылды.Мақсаты оқушыларды ұлттық ойындар арқылы құндылықтарға баулу.



<https://www.facebook.com/share/p/1A9j3mGncG/>

Кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның хаттамалық тапсырмаларына сәйкес білім беру мекемелерінде жол-жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету , жол-көлік оқиғаларын болдырмау бағытында ақпараттық-танымдық профилактикалық іс шаралары ұйымдастырылуда.



<https://www.facebook.com/share/p/1G7t72teeC/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" құрылып, орталық жоспарына орай "Отбасы-тәрбиенің бақыт бесігі", "Отбасы-бақыт мекенім", "Біз бақытты отбасы" тақырыптарында дәріс сабақтар өткізілді.



<https://www.facebook.com/share/p/16MxYyHqCs/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жоспарына сәйкес "Білімдіге дүние жарық" тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі Л. Базарбаева сынып оқушылары және ата - аналарымен семинар - тренинг ұйымдастырды.



<https://www.facebook.com/share/p/1VZAHlj1hM/>

№ 113 Қаркөл орта мектебінде 17.11.2023 жылы "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша "Тоғыз айға 9 іс шара" жоспарына сәйкес "Ұлттық ойындар-ұлттық құндылық" тақырыбымен ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында 4-7 сынып қыздар арасында "Бес тас" ойыны болып өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/17Vao7UhHz/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес 22.11.2023ж. 5,7,9-сынып аралығында "Педагог, бала, ата-ана" тақырыбында семинар-тренинг болып өтті. Ата-аналар топқа бөлініп, әр түрлі әдістер қолдана отырып, топтық жұмыстарды орындады. Ата-ана мен оқушыларға байланысты ситуациялық сұрақтарға жауап берді, жұмбақтар шешіп, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты. Пирамида құрастыру, суды жіп арқылы көтеру т.б. сергіту сәттері орындалды. Семинар соңында ата-аналар келелі пікірлерін, ұсыныстарын ортаға салды.



<https://www.facebook.com/share/p/17KY7qodu4/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының " жоспарына сәйкес 6 және 8 сынып оқушыларының ата- аналарының арасында "Біз- бақытты отбасы" тақырыбында дөңгелек стол болып өтті. Ата-аналарға отбасыға қатысты бірнеше сұрақтар қойылды. Үйдің сұлбасын құрастырып, балаларының көздерін шатастырмай тауып, балаларының жүректен шыққан лебіздерін тыңдады.

Сонымен бірге бала тәрбиесіне байланысты пікірлерін ортаға салып, өз тәжірибелерімен бөлісті.



<https://www.facebook.com/share/p/1JX5SfRxJ5/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес "Еңбегі адал жас өрен" үлгілі жас сарбаз үлгісін насихаттау мақсатында АӘТД пәнінің мұғалімі Б. Лаубаевтің ұйымдастыруымен Отан алдындағы әскери борышын абыройлы атқарып келген мектебіміздің түлегі Жақашов Мұрат Тұрмағанбетұлымен 8-11 сынып оқушыларымен кездесу болды. Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Н. Таңбай оқушыларға әскери міндет әрбір азаматтың Отан алдындағы борышы екендігі түсіндірілді. Кездесу барысында М. Жақашов әскери қызметті атқару жайлы жақсы мағлұматтар бере келе, оқушыларды әскери борышын адал атқаруға шақырды.



<https://www.facebook.com/share/p/17bSRqJkDa/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 22.12.2023ж. 1-сынып жетекшісі Ләйлә Тұматованың ұйымдастыруымен "Рақмет саған, Өліппе" атты ертеңгілік болып өтті. Ертеңгілікте оқушылар осыған дейінгі алған білімдерін көрсетті. Алғашқы оқулығы Өліппеге арнап жаттаған тақпақтарын айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Мектеп директоры Жанат Демеубаева оқушыларды мерекемен құттықтап өз лебізін білдірді. Ата-аналар да мерекелік шараға қатысып, балаларды құттықтады.



<https://www.facebook.com/share/v/1F7rYnTwka/>

26.12.2023 жылы №113 Қаракөл орта мектебінде 1-4-сынып оқушылары аралығында "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты ертеңгілік болып өтті. Оқушылар әннен шашу шашып, би билеп, қойлымдар қойып, ойындар ойнатты. Жаңа жыл кейіпкерлерінің қатысуымен ертеңгілік қызықты өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/14Sf7Wzy2zE/>

16.01.2024ж. №113 Қаракөл орта мектебінде Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және ұлттық киімдерінің мәнімен мағынасын үйлесімділігі туралы айта отырып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту, эстетикалық тәрбие беру, қазақ халқының киімін насихаттау мақсатында оқушылар арасында "Ұлттық киім - ұрпаққа мұра" тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.



<https://www.facebook.com/share/p/1FnJDHSLLF/>

"ДосболLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" АКЦИЯСЫ

17 қаңтар күні №113 Қаракөл орта мектебінде 17 қаңтар - 17 ақпан аралығында "ДосболLIKE: достық қолын ұсын" тақырыбында "Нағыз досыңның болғанын қаласаң - дос бол!" ұранымен өткізілетін акциясының ашылу жиыны өткізілді.

Мақсаты: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау; Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Таңбай оқушыларды, акцияға белсенді қатысуға шақырып, акцияның айлық жоспарын таныстырды.



<https://www.facebook.com/share/p/1CyfzoX7Jg/>

"Ең көп оқитын сынып" №113 Қаракөл орта мектебінде 5-сынып жетекшісі А.Жүсіпбекова "Ең көп оқитын сынып" сайысын өткізді.

Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, әдеби кітапқа қызығушылығын арттыру.

Міндеттері: кітап оқу арқылы алғыр да терең ойлауға үйрету.



<https://www.facebook.com/share/v/14QLwEJ32sX/>

№113 Қаракөл орта мектебінде «ДОСБОЛLIKE»: Достық қолын ұсын» акциясының жоспарына сәйкес 6-7 сынып оқушылары арасында достық қарым - қатынас орнатуда, қызықты істермен айналысуда алға ұмтылысында белсенділікке шақыру мақсатында, "Қалаймын - жасай аламын - жасаймын" формуласына сәйкес ортақ мүдделер мен бірлескен қызмет негізінде бірігу ұсынылады.

"Нағыз досыңның болғанын қаласаң - дос бол!"

<https://www.facebook.com/share/p/1Efm4MLKZe/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 06.02.2024 жылы Қармақшы аудандық орталық емхана психологы Кетебаева Әмина 8-11 сынып оқушыларымен "Салауатты өмір салтын қалыптастыру" тақырыбында семинар - тренинг өткізді. Жиын барысында күнделікті тамақтану, ұйқы, зиянды әдеттерден аулақ болу, денсаулықты сақтау дағдылары туралы айтылып, оқушылармен пікірлесу болды.



<https://www.facebook.com/share/p/16rhRGU4N1/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 06.02.2024 жылы "Психология - сиқырлы әлем" апталығы барысында 8-9 сынып оқушыларымен мектеп педагог - психолога Қ.Жолмаханова Қармақшы аудандық орталық емхана психологы Кетебаева Әмина Тахирқызымен біріге отырып "Көңілді үзіліс" тренингін өткізді. Оқушыларға сергіту сәті өтіп, жақсы көңіл - күй сыйлады.



<https://www.facebook.com/share/p/1GvEeoSZUH/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 14.02.2024 жылы АӘТД пәнінің мұғалімі Б.Лаубаевтың ұйымдастыруымен “Жастығын жалын шарпыған” атты тақырыпта Кеңес әскерінің Ауған жерінен шағарылғанына 35 жыл толуына орай 9,10 сынып оқушыларының қатысуымен Ауған соғысына қатысушы жерлес ардагерлердің өмірімен әскери ұрыс жолдарының таныстырылған кеш өтті.

Мақсаты: Алдыңғы буын ағаларының Отан қорғау жолындағы ерліктерін, кейінгі ұрпақтарының бойына сіңіру, өз елінің патриоты болуға, ардагерлерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Кездесу барысында мектебіміздің тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Таңбай Ауған соғысы жайлы мағұлматтар бере отырып, Отанын қорғауға шақырды. Кеш соңында оқушыларға Ауған соғысы жайлы бейне таспа көрсетілді.



<https://www.facebook.com/share/v/17p6BP3JT1/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 21.02.2024 жылы “Бес асық, Асық ату” үйірмесінің кезекті ұлттық ойын Асық атудан үйірме жұмысы өткізілді. Үйірмеге 2-9 сынып оқушылары қатысады.

Мақсаты: оқушыларды ұлттық ойын арқылы ептілікке, дәлдікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Үйірме жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Нұрмағанбетов



<https://www.facebook.com/share/v/1CAdeu8Shk/>

№113 Қаракөл орта мектебінің 1-4 сынып оқушыларының “Алғыс” айту күніне бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен ата-ана, бауыр, ұстаздарды т.б құттықтады.



<https://www.facebook.com/share/v/17XsMm2zh7/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне байланысты “Алтын жүрек аналар” тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының ертеңгілігі болып өтті. Оқушылар аналарына, ұстаздарына өз өнерлерін арнады.



<https://www.facebook.com/share/p/1KFjHLVkzT/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 18 наурыз күні қазақ халқының салт- дәстүрін, мәдениетін және ұлттық киімдерінің мәні мен мағынасының үйлесімдігін насихаттай отырып, республикалық Наурыз мерекесіне арналған "Наурызнама" онкүндік аясында Челлендж өткізілді. Ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған челленджге мұғалімдер, ата - аналар және оқушылар, қазақтың ұлттық киімдерін киіп, өз үлестерін қосты.



<https://www.facebook.com/share/p/14KY1agLkxb/>

№113 Қаракөл орта мектебінде жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Күн тәртібінде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, өмір қауіпсіздігінің, лудомания, телефонның зияны, отбасы тәрбиесі тақырыптарында ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыста түнгі уақытта оқушылардың бимезгіл көшеде жүрмеуі, әлеуметтік желідегі алаяқтардан сақтану туралы айтылды. Аудандық аурухана қызметкерлерінің тексеру бойынша оқушылар арасында есепке алынған оқушыларды алдағы уақытта емделуге байланысты кеңестер берілді.

Оқу жылының аяғында 9,11 сыныптар арасында мемлекеттік аттестация жайлы хабарлама жасалды.



<https://www.facebook.com/share/p/1CeKv5d2mM/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 17.04.2024,ж. «Спорт—таусылмас азық, өнер—сарқылмас байлық» тақырыбындағы, өнер бірлестігінің апталығының кезекті 6-11 сыныптар арасында «Қазақтың ұлттық ойыны асық атудан жарыс өткізілді

Жарыстың мақсаты:

Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Оқушыларды ұқыптылыққа үйрету

Оқушыларды дәлдікке үйрету

Оқушылардың ой - өрісін дамыту

Ұлттық құндылықтарды насихаттау.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Нұрмағанбетов



<https://www.facebook.com/share/p/19vFMAEKok/>

№113 Қаракөл орта мектебінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының жоспарына сәйкес "Мамыр-ынтымақ айы" бойынша 3 мамыр "Таза Қазақстан"челленджіне мектеп түлектері мектеп ауласына ағаш отырғызды.



<https://www.facebook.com/share/p/1D4PGrDEsb/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 4,9,11 сынып оқушыларының ата-аналарына оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп бітіру салтанатты жиындарын өткізу жайлы түсіндіру мақсатында жиналыс болып өтті. Онда ата-аналарға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бисенбаевтың мектеп түлектеріне арнаған үндеуін басшылыққа ала отырып мектеп директорының бұйрығы таныстырылды.9-11 сынып түлектерінің қауіпсіздігін және емтихандарға сапалы дайындығы қамтамасыз ету мақсатында ақша жинауға,салтанатты іс-шаралар,банкеттер ұйымдастыруға және автомобильдермен шығуға тыйым салынатындығы ескертілді. Ата-аналар бұл үндеу өте орынды,балаларымыздың болашағы, өмір қауіпсіздігіне байланысты екендігін түсінді.



<https://www.facebook.com/share/p/1BmmtEEH8G/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 24.05.2024 жылы "Білімім-Отаным!" тақырыбында 1-10 сынып арасында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты Әнұранмен басталды.

ҚР Оқу-ағарту министрі Ф Бисембаевтың мектеп оқушыларына арналған құттықтау сөзі тыңдалып, сынып жетекшілердің оқушылардың жыл бойына жеткен жетістіктері жайлы бейнероликтер көрсетіліп Үздік оқушылар марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/17VCqDXYGb/>

№113 орта мектебінде 25.05.2024 жылы кешкі кезекшілік кестеге сәйкес ауыл әкімшілігімен бірлесе кәметке толмаған жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта жүруін болдырмау, қылмыс пен құқық бұзушылыққа жол бермеу және жасөспірімдердің құқықтарының бұзылмауын қадағалау мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді.

Рейдтік шара барысында жасөспірімдердің жиналатын орындары, ойын-сауық кешендері, дүкендер мен көңіл көтеретін орындардың аумақтары қадағаланды.

Қазіргі күні бала қауіпсіздігі басты назарға алынып отыр. Сол себепті бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. Осы бағыттағы рейд жұмыстары күнделікті жүргізілетін болады.



<https://www.facebook.com/share/p/16WGcgkmDG/>

№113 Қаракөл орта мектеп жанындағы "Балауса" күндізгі лагерінде "БАЛА-БОЛАШАҚТЫҢ ЖАРҚЫНЫ" тақырыбында мерекелік шара болып өтті. Оқушылар ән айтып би биледі. Балардың жазғы лагеріндегі қызықты күндері басталды. Бастауыш сынып оқушылары «Балауса» күндізгі лагерінде дем алды.



<https://www.facebook.com/share/v/1DfAkPFkD2/>

№113 Қаракөл орта мектеп жанындағы "Балауса" күндізгі лагерінде 05.06.2024 жылы оқушыларға спорттық таңғы сергіту жаттығулары жасалды. Ұйымдастырушы дене шынықтыру пән мұғалімі Ж.Нұрмағанбетов



<https://www.facebook.com/share/p/1BcgM58KuS/>

№113 Қаракөл орта мектеп жанындағы "Балауса" күндізгі лагерінде оқушыларға мектеп кітапханашысы М.Өмірбекова "Ертегілер еліне саяхат" тақырыбында ертегі кітаптар оқудан коворкинг кабинетінде танымдық жұмыс өткізді.



<https://www.facebook.com/share/p/1DCR2Zha3c/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 12 күн "Ұлттық ақпараттық науқан аясында 3-14 маусым аралығында 9 сынып оқушыларынан "Көркейту-көгалдандыру" жасағы құрылып, 14 оқушы қамтылды. Оқушыларға мектеп айналасында және аяқ су арықтарындағы арам шөптерін шабу жұмыстары мен талдарды суару тапсырылды. Балалар жасағына жауапты қоғамдық жетекшілер мен сынып жетекшілер барлық қауіпсіздік шараларын назарға алды. Аталған шара балаларды еңбекке баулып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. "Бір тал кессең, он тал ек" қағидатын оқушы санасына сіңіру. Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн "Ұлттық ақпараттық науқан аясында 10 сынып оқушылары мектеп ауласындағы гүлзарларды күтіп-баптау жұмыстарын жүргізді. "Еңбек" бригадасы оқушыларды еңбек етуге тәрбиелеп, жазғы демалыс уақытын тиімді өткізуде маңызы зор.

Сынып жетекшілері: А.Құлмаханова



<https://www.facebook.com/share/p/1BuqeUJoBK/>

11 маусым күні №113 Қаракөл орта мектебінің жанынан ұйымдастырылған "Балауса" күндізгі тынығу лагерінде Ш Бакеев атындағы тарихи өлке тану мұражайына саяхат жасады. Оқушылар өлке тарихымен танысты. Мұражай жетекшісі Ж Ерiмбетова оқушыларға өлке

тарихына қатысты мәліметтер берді.



<https://www.facebook.com/share/p/1FpVH7j6mb/>





№113 Қаракөл орта мектебінде жаз мезгілінде жасөспірімдердің өмірін сақтау мақсатында "Иіркөл" көліне күнделікті кезекшілікке шығып,





оқушыларды бақыладық.

Ауыл әкімшілігінің өкілімен бірге ата-аналарға шомылуға рұқсат етілмеген аймақтарға шомылуға болмайтындығы жайлы жаднамалар таратылды.







<https://www.facebook.com/share/p/16KMuQ1dib/>

Әдістемелік бірлестіктерінің апталық жұмысы 2024-2025 оқу жылы				
№	Апталық жұмыстары	Уақыты	Апталық суреттері	Сілтемесі
1	№ 113 Қаракөл орта мектебінде «Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар» атты физика, математика және информатика пәндері онкүндігінің ашылуы	03.12.2024		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid0367ix33txFxDT3re7rUVm5VL2RzbivwmDFvGCDqtGyxWsiG3meXBVagdqYAfYupdxl/?app=fbl
2	№113 Қаракөл орта мектебінде "Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар" атты МИФ апталығының онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес, "Бұл-фокус емес, бұл-физика" тақырыбында, тәжірибелік сайыс өтті.	04.12.2024		https://www.facebook.com/k.arak.l.or.ta.mektebi/videos/1100353975124429/?app=fbl
3	№113 Қаракөл орта мектебінде "Желбіре көк Байрағым" тақырыбында тәуелсіздік күніне байланысты тарих апталығының ашылуымен ертеңгілік болып өтті.	11.12.2024		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid0Ruk31wUA9N7mLE3bBG7ya4MNsaonZag6Nt9eq3z6ymikgTve5qWK4aSxnsoqyZWgl/?app=fbl
4	№113 Қаракөл орта мектебінде "Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар" атты МИФ апталығының онкүндігінің жұмыс жоспарына сәйкес, "Ой мен ойын" тақырыбында, 11 желтоқсан күні сыныптан тыс өтті.	11.12.2024		https://www.facebook.com/k.arak.l.or.ta.mektebi/videos/566992149474484/?app=fbl

		<p>5</p> <p>№113 Қаракөл орта мектебінде "Желбіре көк байрағым!" тақырыбында өтіп жатқан тарих апталығының жоспарына сәйкес 10-11 сыныптар арасында "Қызық екен" командалық сайысы болып өтті. Сайыс қорытындысымен 11 сынып командасы жеңіске жетті. Өткізген Ж.Ерімбетова.</p>	<p>13.12.2024</p>		<p>https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid024DXpFnGWxyseYMmpYNzFcoK5DkedQm1ZFr48o82ByPYxLmYZqtve4KBNPATifwxal/?app=fbl</p>		
		<p>6</p> <p>№113 Қаракөл орта мектебінде 11.03.2025 жылы "Психология-сиқырлы әлем" тақырыбында апталық ашылып, оқушылар арасында Көңілді үзіліс ұйымдастырылды.</p>	<p>11.03.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.l.ortamektebi/videos/1600760433966827/?app=fbl</p>		
		<p>7</p> <p>№113 Қаракөл орта мектебінде 12.03.2025 жылы Психологиялық апталықтың жоспарына сәйкес мұғалімдер арасында көңілді тренинг ұйымдастырылды.</p>	<p>12.03.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.l.ortamektebi/videos/9308829905897650/?app=fbl</p>		
		<p>8</p> <p>"Психология-сиқырлы әлем" психолог пен дефектолог бірлестігінің ұйымдастыруымен әр күн "Физикалық денсаулық" "Психикалық денсаулық" "Әлеуметтік денсаулық" "Рухани денсаулық" күні болып аталып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.</p>	<p>14.03.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.l.ortamektebi/videos/1003229531724510/?app=fbl</p>		

	9	<p>№113 Қаракөл орта мектебінің "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша 14-23 наурыз күндері "Наурызнама" онкүндігі жоспарына аясында 17 наурыз "Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлерді" дәріптеу бойынша тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп,насихатталды. Салт-дәстүрді,әдет-ғұрыпты білу,құрметтеу,келесі ұрпаққа жеткізу болып табылады.</p>	17.03.2025		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid0PnmjyjdvoLd5sIE5vOGUFqZ3VrOgvEXqgMtNKoy7jJmywKjBmou1HQ16LHqfY722l/?app=fbl		
	10	<p>18 НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ КИИМ КҮНІ "Наурызнама" онкүндігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес 18 наурыз " Ұлттық киім күні" болып белгіленді.</p>	18.03.2025		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid02jotkVH5bnyLr7tqmQCL8nfuX1xP15rk1PZeA6v848PAK78RRjxDqPbdLejffxEMl/?app=fbl		
	11	<p>№113 Қаракөл орта мектебінің 2 сыныбында "Жыл басы-Наурыз" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.</p>	18.03.2025		https://www.facebook.com/k.arak.l.ortamektebi/videos/929602065731086/?app=fbl		
	12	<p>№113 Қаракөл орта мектебінің 5 сыныбында "Жыл басы-Наурыз" тақырыбында наурызнама өткізілді.</p>	19.03.2025		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid028cRoioPvNjZfite2PEk3LaKTS4KKopnyT7T1SEAzN8gcA44Rs5YbzwhucDDaigndl/?app=fbl		
	13	<p>№113 Қаракөл орта мектебінің 7 сыныбында "Әз-Наурыз" тақырыбында наурызнама өткізілді.</p>	19.03.2025		https://www.facebook.com/100062301823198/posts/pfbid028o2DrU2dqCSu5YVo13PQqhJb9LVaGnedZkTXpzM9CYDfZLsZEuXqLVGazSeQVFEil/?app=fbl		

		<p>14 "Наурызнама" онкүндігі тұжырымдамасы шеңберінде қазақтың мәдениеті өнерімен ұлттық құндылықтарын кеңінен насихаттау мақсатында "Күй күмбірі" домбырашылар челлендж.</p>	<p>20.03.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.1.ortamektebi/videos/1172467001189904/?app=fbl</p>		
		<p>15 №113 Қаракөл орта мектебінде 07-18 сәуір аралығында “Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғыш, көз жетпейтін мұнарасы тым биік” атты химия, биология, география пәндер бірлестігінің он күндігінің ашылуы басталды</p>	<p>07.04.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.1.ortamektebi/videos/679639057758651/?app=fbl</p>		
		<p>16 №113 Қаракөл орта мектебінде 9-сәуір күні “Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғыш, көз жетпейтін мұнарасы тым биік” атты химия, биология, география пәндер бірлестігінің кезекті жұмысы “Білім мен кофе, ақыл мен дәм тоғысқан сәт” атты мектеп мұғалімдері арасында кофе брэйк өткізілді.</p>	<p>09.04.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.1.ortamektebi/videos/1380984773095582/?app=fbl</p>		
		<p>17 №113 Қаракөл орта мектебінде 11-сәуір күні “Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғыш, көз жетпейтін мұнарасы тым биік” атты химия, биология, география пәндер бірлестігінің кезекті жұмысы “Chemeasy-химия бізбен жеңіл» атты интеллектуалды сайысы 7 сынып оқушылары арасында өткізілді.</p>	<p>11.04.2025</p>		<p>https://www.facebook.com/k.arak.1.ortamektebi/videos/1730851897846998/?app=fbl</p>		<p>http://karm-113mektape.edu.kz/</p>

**2024-2025 оқу жылында «№113 Қаракөл орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстарының есебі**

№113Қаракөл орта мектебі бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы бойынша Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді.

Мақсаты: Оқушылардың Қазақстан туралы ой-өрістерін кеңейту.Өз халқымыздың әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүріне, әдебиеті мен мәдениетіне деген танымдық қызығушылықарын ояту.Туған жерін сыйлауға,бағалай білуге,Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылының «Мектебім-мейірім мекені!» атты алғашқы салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиында мектеп директоры Демеубаева Жанат Шакиздақызы алғашқы құттықтау сөз алып, 1 сыныпқа қадам басқан кішкентай бүлдіршіндерге сәттілік тілеп, 11 сынып оқушыларына алдағы ҰБТ-ден жоғары нәтиже көрсетеді деп сенім білдірді. Салтанатты жиын 1-сынып оқушыларының әсем ән-биімен, мектепке, ұстаздарына арналған өлең жолдарымен жалғасын тапты.



<https://www.facebook.com/share/p/1H43ZbrHJz/>

№113 Қаракөл орта мектебінде Қазақстан Республикасы ПМ - нің N1-5-5-6-77/4581-И санды хатына сәйкес 1 сынып оқушыларын қауіпсіздіктің негізгі ережелерін үйрету мақсатында 1 сынып жетекшісі Л.Базарбаеваның ұйымдастыруымен "Полиция және балалар" тақырыбында іс - шара өткізілді. Іс - шарада балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Балалар ерекше қызығушылықпен ұсынылған суреттерді бояулармен бояп, белсенділік танытты



<https://www.facebook.com/share/v/1DBpQMBBqJ/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие " бағдарламасының жоспарына сәйкес 5 қыркүйек тілдер мерекесіне байланысты "Тілім-менің баға жетпес байлығым " атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды . Оқушылар А.Байтұрсыновтың өлеңдері мен аудармаларын жатқа оқыды. Тілдер мерекесі құтты болсын.Тіл өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем.



<https://www.facebook.com/share/v/1Cujr7mrqU/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 11.09.2024ж. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында, "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмысын жандандыру мақсатында, "Мерейлі отбасы" тақырыбында 1 сынып жетекшісі Л.Базарбаеваның ұйымдастыруымен Ата-аналар сағаты өткізілді. Мектеп педагог-психологы Қ.Жолмаханова ата-аналарға психологиялық тренингтарын жүргізді.



<https://www.facebook.com/share/v/17HFDafW1M/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында "ТӨРТ ТОҚСАН - ТӨРТ ӨНЕР" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы бойынша

5-7 сынып оқушыларымен "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында айтыс өткізілді.

Айтыстың мақсаты: оқушылардың ой ұшқырлығы мен сөз саптауын, сөздік қорларын молайта отырып, ұлтжандылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



<https://www.facebook.com/share/v/1BY5iUpT1r/>

№ 113 Қаракөл орта мектебінде 18.09.2024 жылы "Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, кибербуллинг, буллингтің алдын-алу" бойынша 8-9-10-11 сынып оқушыларымен Қармақшы АПБ-ның, ЖПҚ-ның учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Байтабынов Бекзат Айтжанұлымен кездесу болып өтті. Полиция инспекторы оқушыларға құқық бұзушылық жасамау, автотехникалық құрылғыларды (Көлік, мотоцикл, скутер, велоскутер, мопед) айдамау, көшеде беймезгіл уақытта ата-

анасыз жүрмеу жайлы түсіндірді. Оқушылар өз құқықтарына байланысты сұрақтар қойып, жауаптарын ала алды.



<https://www.facebook.com/share/p/1BXdR5dRZi/>

Біздің мектеп буллингке қарсы! Қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселеріне деген саналы көзқарасына аудару, Оқушылардың, педагогтердің буллингке қарсы санасы мен ойлауын қалыптастыру;

- Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұруға белсенді қатысуға жәрдемдесу мақсатында "Біздің мектеп буллингке қарсы!" деген ұранмен 5-6 сынып оқушылары флешмоб өткізді.



<https://www.facebook.com/share/v/17f7zXhQrq/>

20.09.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде «Ата - аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жандандыру мақсатында «Отбасым – мақтанышым» атты республикалық акциясы аясында «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында Ә.Аяпованың ұйымдастыруымен ата-аналармен тренинг өтті.

Мақсаты - отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, бала мен ата-ана арасындағы сүйіспеншілікті нығайту болып табылады.



<https://www.facebook.com/share/v/1BZHmPiTjS/>

25.09.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы бойынша "Сыр лигасы" облыстық сайысының жоспарына сәйкес "Ана тілі аруының" мектепшілік кезеңіне 8-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайыс қортындысы бойынша 8-сынып оқушысы Ж.Мирамбекқызы аудандық кезеңіне жолдама алып, Аудандық байқауда “Алғыс хатпен” марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/1CwBxPBZmJ/>

25.11.2024ж.№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша "Сыр сүлейі-Тұрмағанбет" тақырыбында Т.Салқынбайұлы атындағы өнер мектебінің жыр-терме сыныбының өнерпаздарының әдеби-сазды бағдарламасы болды. Жетекшісі Э.Мыңжанова.



<https://www.facebook.com/share/p/1FYL6a51TW/>

2.10.2024ж. №113 Қаракөл орта мектебінде ұстаздар мерекесіне орай, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізіндегі "Шабыт" жобасы аясында "Даналық ұстаздан" челленджі ұйымдастырылып, "Ұстазым" әнін(әні: А. Дүйсенов, сөзі: Б. Шомбеков) мектеп білім алушылары орындады.



<https://www.facebook.com/share/v/1DB2sBt4NX/>

10.10.2024ж.№ 113 Қаракөл орта мектебінде 8 қазан күні 6 сынып оқушыларымен "Шебер қыздар" тақырыбында сайыс болып өтті. Оқушылар түрлі қағаздардан аппликация жасады. Сонымен бірге сайыс барысында кесте тоқудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп, қыр-сырларын үйренді. Сайыс соңында "Өнер" тобы жеңіске жетті.



<https://www.facebook.com/share/p/1CeY8bKNYS/>

14.10.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде емхана психологы Әмина Кетebайқызымен 03.10.2024 жылы "Өмір және денсаулық дағдыларын сақтау" тақыбында салааралық ағартушылық жұмыс болып өтті. 8-11 сынып оқушылары қатысты.



<https://www.facebook.com/share/p/1DDpkfm876/>

17.10.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінің "1.1.3." жайдарман құрама командасы Облыс әкімінің "Сыр лигасы" жүлдесіне сәйкес аудандық "Жайдарман" сайысынан жүлделі ІІІ орынды иеленді.



<https://www.facebook.com/share/p/1AYnVKnDyD>

23.10.2024ж "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында мектеп оқушылары арасында "Жаңа күн-жаңа Қазақстан" тақырыбында аудандық ақындар айтысына 7 сынып оқушысы Райымбек Айшуақ қатынасып "Алғыс хатпен" марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/1Byca84Lfw/>

7.11.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде мектеп оқушылар арасында ұлттық ойын ләңгі тебуден "Ләңгі фест" сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 4,5,6 сынып оқушылары қатысты. Ұйымдастырушы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Досбаев.



<https://www.facebook.com/share/v/1BpJkueGTT/>

☞ Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен кент және ауылдық округтердегі жастар арасында “Нашақорлыққа жол жоқ” тақырыбымен 1/4 финалы өткізілді.

☞ Ойын қорытындысы бойынша мектебіміздің 1.1.3. (Қармақшы ауылы) командасына финалға жолдама берілді.



<https://www.facebook.com/share/p/17fzxJ5id5/>

12.11.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде “Нашақорлыққа қарсы бір айлық акциясы” аясында мектебіміздің 10- сынып оқушыларымен “Нашақорлық- ауыр індет” тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын-алуға тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру. Дөңгелек үстел барысында оқушылар арнайы бейнероликті көріп, жалпы ақпараттар беріп өтті. “Нашақорлық дегеніміз не?” сауалына жауап беріп, “Есірткі тарихы”, “Есірткінің түрлері” және “Есірткінің алдын алу шаралары” тақырыптарында арнайы жобалар қорғады.

<https://www.facebook.com/share/v/1Bew7QFWrq/>



18.11.2024ж «Ботакан» облыстық балалар телефестиваліне Мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларының "БАЛАУСА" бишілер тобы би үйірмесінің өнерпаздары және домбыра үйірмесінің 7 сынып оқушысы Райымбек Айшуақ қатысып бағалы сыйлықтар және арнайы дипломдармен марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/16pfxFW3kb/>

22.11.2024ж №113 қаракөл орта мектебінде «Наша қорлыққа жол жоқ» атты бір айлық акция аясында 4-5 сыныптар арасында эстафеталық сайыс өткізілді. Жарысты дене шынықтыру пәні мұғалімі Қ. Досбаев өткізді



<https://www.facebook.com/share/p/1EtEUCVgfS/>

22.11.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде "Түркі халқына ортақ тарихи тұлға-Темірбек Жүргенов" тақырыбындағы іс шаралар жоспарына сәйкес 22.11.2024 ж тарих пәні мұғалімі Ж.Ерімбетова 10-11 сынып оқушыларымен "Ұлт рухын түлеткен тұлға - Темірбек Жүргенов" тақырыбында ғылыми- танымдық конференция өткізді. Мақсаты қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Т. Жүргенов жайында мәлімет бере отырып, балалардың жүрегіне патриоттық, ұлтжандылық сезімін ұялату.



<https://www.facebook.com/share/p/1JzCk9vnjh/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Түркі халқына ортақ тарихи тұлға - Темірбек Жүргенов" тақырыбындағы іс шаралар жоспарына сәйкес 21.11.2024 ж мектеп кітапханашысы М. Өмірбекова 9 сынып оқушыларымен "Асыл өнердің алып нары" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Т. Жүргеновтың өмірбаянымен таныстырып, балалардың жүрегінде патриоттық сезім ұялату.



<https://www.facebook.com/share/p/1Bnsdme9xW/>

03.12.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінің 10 сынып оқушысы Е.Тұрақов облыс әкімінің жұлдесіне арналған "Сыр лигасы" жобасы аясында "Мобилография" сайысының облыстық кезеңінде жүлделі ІІІ орынды иеленді.



<https://www.facebook.com/share/p/17Nygq7Pv/>

05.12.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінің "1.1.3" жайдарман командасы аудан әкімінің кубогінің жеңімпазы атанып 50 мың қаржылай сыйлыққа ие болды. "Үздік ойыншы" номенациясымен Қ. Кеңшілік марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/1CivYir9Du/>

№113 Қаракөл орта мектебінде "Желбіре көк Байрағым" тақырыбында тәуелсіздік күніне байланысты тарих апталығы болып өтті.



<https://www.facebook.com/share/v/1BpChGeJKu/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 20.12.2024 жылы "ҚОШ БОЛ ӘЛІППЕ!" атты әліппемен қоштасу ертеңгілігі болып өтті. Ертеңгілікке 1-сынып оқушылары әліппеден алған білімдерін ортаға салып өлең оқып, ән айтты.



<https://www.facebook.com/share/p/14T14yqYZ5t/>

29.12.2024ж №113 Қаракөл орта мектебінде 9, 10, 11 сынып оқушыларының қатысуымен "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара болып өтті. Мектеп басшысы Ж. Демубаева сөз сөйлеп, бітіруші түлектерге Грант иегері болуына тілек айтып, жаңа жылдық құттықтауын арнады. Оқушылар ән мен биден шашу шашып, қойылым қойды және жаңа жылдық ойындар ойнады. Мерекелік көңіл-күймен жаңа жылды қарсы алды.

<https://www.facebook.com/share/p/16SXAz4n3U/>

14.02.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай <Жастығын жалын шарпыған>атты тақырыпта іс_шара ұйымдастырылды.Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Таңбай Ауған соғысының ақиқаты жайлы, жерлес ағаларымыздың ерліктерін, Отан алдындағы әскери борышын адал атқарғандары жайлы құнды мағлұматтар бере отырып түсіндірілді. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Б.Лаубаев Ауған соғысы жайлы, ардагер ағаларының ерліктерін жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында көрсетілімдер көрсетілді.

17.03.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде "Балалар кітапханасы" аясында ауылымыздан шыққан жауынгер ақын Қошманов Омар атамның жырларымен, өмірбаянымен оқушылар танысты. Оқушылар Омар ата жайлы көп мағлұмат алды.



<https://www.facebook.com/share/p/16tv54GcGU/>

КӨРІСУ КҮНІ - АМАЛ МЕРЕКЕСІ 🍀

- 14 наурыз – Көрісу күні. Қазақ халқының көнеден келе жатқан мерекелерінің бірі саналатын бұл күн Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамының бастауы саналады.
- Кей жерлерде бұл күнді «Амал» деп те атайды. Мерекеде қыстан аман шыққан жұрт төс қағысып көріскен. Жыл берекелі болсын деп, бір-біріне тілек білдірген.
- №113 Қаракөл орта мектебінде 14.03.2025 жылы Наурызнама 10 күндігінің көрісу амал күні аталып өтілді.



<https://www.facebook.com/share/v/1BrcjG2oGw/>

18.03.2025ж.№113 Қаракөл орта мектебінің 5 сыныбында "Жыл басы-Наурыз" тақырыбында наурызнама өткізілді. Мақсаты: Ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақтың әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу. Ертенгілік барысында оқушылар наурыздағы салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар жайлы білімдерін ортаға салды. Ата-аналар бата беріп, оқушылардың өнерін тамашалады



<https://www.facebook.com/share/p/1BqJGFMjdV/>

❁ ЖАҢАРУ - ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҚАРАЙ ӨЗГЕРУ ❁

❁❁❁ 19 наурыз – Жаңару күні ❁❁❁

Осы мезгілде табиғат түрленіп, тіршілік қайта жанданады.

Бұл күн ел өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Бұл - алға жаңа мақсат қойып, өткенді қайта қарау, болашаққа жоспар құру, жаңа жобаларды бастау, өмірді жақсылыққа қарай өзгерту туралы шешім қабылдау уақыты.

№113 Қаракөл орта мектебінде "Наурызнаманың он күндік" жоспарына сәйкес "Жаңару күні" мектеп ауласына көшеттер отырғызылды "Жаңару" күні барша азаматтарды ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге және ынтымақта болуға, туған жердің табиғатын көркейтуге өз үлесін қосуға үндейді.



<https://www.facebook.com/share/p/1BJr9xEiMd/>

❁❁❁ 20 НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ ❁❁❁

❁ Ұлттық ойындарды өткізу балалар мен жастарды тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұлттық ойындар – бұл көптеген адамдардың ғасырлық тәжірибесі және өмірімен бекітілген тарихи мұра; бұл өткен мен бүгінді байланыстыратын халықтың жады.

Ұлттық ойындар – бұл тарихи құбылыс, адамға тән тәуелсіз қызмет түрі.

❁ Ұлттық ойындар қол жетімді және мәнерлі.

Қазақтың ұлттық ойындары табиғатпен және оның заңдарымен тығыз байланысты. Асық ойнау баланың жүйке жүйесін мықты, мінезді берік, қимылдарын дәл болуға ықпал етеді. Осы мақсатта "Наурызнама" онкүндігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес "Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №113 Қаракөл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 20.03.2025 жылы ұлттық спорттық ойындардың бір түрі- Асық ату, Бес тас ойнау, тоғызқұмалақ, ләңгі тебуден оқушылар арасында сайыс

ұйымдастырылды.



<https://www.facebook.com/share/p/17bN51SikP/>

28.03.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспарына сәйкес оқушылардың көктемгі каникул уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында "Қазақфильм" киностудиясының алтын қорынан 5-сынып оқушыларына "Алдар көсе" фильмі көрсетілді.



<https://www.facebook.com/share/p/1DSyYu6oye/>

02.04.2025ж № 113 Қаракөл орта мектебінде Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шара жоспарына сәйкес 9-сынып ер балалары арасында "Жас сарбаз" атты әскери-спорттық сайыс ұйымдастырылды. Оқушылар "Жас қыран" және "Айбын" атты топқа бөлініп, Саптық дайындық, Газтұмырылдылықты кию, Оқжатар жарақтау, Нысана көздеу, Жарақаттанған жағдайда алғашқы көмек көрсету сайыстары бойынша бақ сынады. Жарыс қорытындысымен "Жас қыран" командасы жеңімпаз атанды.



<https://www.facebook.com/share/p/1ZRDU4hsSo/>

9.04.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде Жеңістің 80 жылдығына арналған іс - шара жоспарына сәйкес Ұлы Отан соғысының майдангері

әрі ақын Қошманов Омар атамыздың ұрпағы Қошманова Жамал апаймен кездесу кеші болды. Ақынның өмірбаянымен өлеңдері оқушыларға таныстырылды. Жамал апай өзінің жазған өлеңдерін оқушыларға оқып берді. Оқушылар сұрақтарын қойып, ақын жайлы көптеген мағлұмат алды.



<https://www.facebook.com/share/v/19Z32BBGg1/>

30.04.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде "1 Мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні" мерекесіне орай ұйымдастырылған "Қазақстан еңбекқорлықпен бірліктің мекені" мерекелік шарасы болып өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/1ExYsDwHMH/>

8.05.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығының іс-шара жоспарына сәйкес Ш.Бакеев атындағы тарихи өлкетану мұражайының негізін қалаушы майдангер,ардагер ұстаз Бакеев Шамшат Томанұлының ұрпақтары ағайдың бюстің мұражайға сыйға тартты. Бюстті ашу салтанаты ардагер ұстаз Иманбаева Жұпаркүл апайға,ауыл ақсақалы Жакыпов Отарбай ағайға, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Таңбаев Мұқтар ағайларға берілді.Мерекелік шараға қатысушылар Шамшат ағаймен мұражайдың тарихымен танысты.Мерекелік шара ғылыми-танымдық конференцияға жалғасты.



<https://www.facebook.com/share/v/17XveADjud/>

8.05.2025ж №113 Қаракөл орта мектебінде 08.05.2025ж. "Ер есімі-ел есінде" тақырыбында майдангер-ардагер ұстаз Баекеев Шамшат Томаңұлына арналған ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға құрметті қонақтар, ардагер ұстаздар, мектепті 50 жыл бұрын бітірген түлектер, яғни 1958 жылы дүниеге келген аға-апаларымыз қатысты. Мектеп оқушылары жыр жолдап, жыр терме сыныбының оқушылары домбырамен ән айтып қарсы алды. Жыр терме сыныбының жетекшісі Э. Мыңжанова қонақтарға арнау арнады.



<https://www.facebook.com/share/v/1BZFQHLX7Z/>

№113 Қаракөл орта мектебінде 01.06.2025 ж 1-маусым Халықаралық балалар күніне “БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ” атты мерекелік шара болып өтті. Балаларды ауыл әкімінің бас маманы, ата-аналар комитетінің төрағасы М. Амантаев және мектеп директоры Ж.Демеубаева құттықтап, бақытты балалық шақ тіледі. Балалар ән салып, би биледі. Ауыл demuшілерінің атынан бүлдіршіндерге тәттілер таратылды.



<https://www.facebook.com/share/v/17e9JVT9jx/>

🇰🇿 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні 🇰🇿

Бұл күн – тәуелсіз еліміздің тарихында айрықша маңызға ие.

Ту, Елтаңба және Әнұран – халқымыздың бірлігін, елдігін, рухын білдіретін қасиетті белгілер. Бұл рәміздер әрбір азаматтың жүрегінде отансүйгіштік сезімін оятады, елге деген мақтаныш пен жауапкершілікті арттырады. Мемлекеттік рәміздеріміз – мақтанышымыз, тәуелсіздігіміздің символы



<https://www.facebook.com/share/v/1FSdBiLu2s/>

1-20 маусым аралығында №113 Қаракөл орта мектеп жанынан "Балауса" күндізгі тынығу лагері ұйымдастырылды. Лагерде "Ұлттық ойындар күні" өткізілді. 🎉

Бұл күнгі мақсат – жас ұрпаққа қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ойындарын таныстырып, оларды құрметтеуге, ұйымшылдыққа, ептілікке және батылдыққа тәрбиелеу болды. 🧒👧👦

Лагер қатысушылары, асық ату, бес тас сұнды ұлттық ойындарға белсене қатысып, тамаша көңіл күймен бір күндерін қызықты өткізді.



<https://www.facebook.com/share/p/18TtCftTMF/>

№113 Қаракөл орта мектебі ауданымызда "Руханият" орталығы аудандық тарихи өлкетану музейіне лагерь оқушылары барып, музей сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: тарихи - ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды мұраларды таныстыру. Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал ету.



<https://www.facebook.com/share/p/1AETPfSPzt/>

05 маусым күні №113 Қаракөл орта мектебінің жанынан құрылған "Балауса" күндізгі тынығу лагерінің бүлдіршіндері Қармақшы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің «№10 Өрт сөндіру» бөліміне барды. Өрт сөндірушілердің қызметі, құрал-жабдықтары, жалпы жұмысымен таныс болды.

- 🚒 Өрт сөндірушілер балаларға мекеме ғимаратын аралатып, заманауи құтқару техникалары мен құтқару жабдықтарын тамашалатты.
- 🔹 Сондай-ақ, өрт қауіпсіздігі ережелерін үйретіп, балаларға мектепте және тұрмыста өрт шыққан кездегі қауіпсіздік шараларын түсіндірді.
- ! Өрт шыққан мезгілде 112 шұғыл қызметтердің бірыңғай шақыру нөмірі, 101 өрт сөндіру қызметіне хабарлау қажеттілігінің маңыздылығын айтып өтті.
 - ✓ Мекеме қызметкерлері ауданның өрт сөндіру қызметінің тарихына тоқталып, өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың кәсіби жұмыстарында орын алған қызықты оқиғаларымен де бөлісті.



<https://www.facebook.com/share/p/14LM4S8zCOP/>

№113 Қаракөл орта мектебінің жазғы демалыс жоспарына сәйкес "Қайрат" аулалық клуб мүшелерімен ауыл орталығындағы көгал (газон) спорттық алаңында кезекті оқушылардың арасында футбол ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Клуб жетекшісі Қ. Досбаев



<https://www.facebook.com/share/v/17JRjKk8eh/>

18.06.2025ж.№113 Қаракөл орта мектебінде 18.06.2025ж “Ақ жол, жас түлек!” тақырыбында аттестат тапсыру салтанатты жиыны болып өтті. Салтанатты жиынды мектеп директоры Ж.Демеубаева ашып бітіруші түлектерге сәттілік тіледі. Оқушыларға орта білім туралы аттестат тапсырды. Биыл 9-сыныпты 19 оқушы бітірді. М. Тайжанова мен Н. Төлеуова "Үздік аттестат" иегері атанды. Ал, 11-сыныпты 9 оқушы бітіріп, Қ. Алмасова мен Т. Бекболатқызы "Алтын белгі"алды.



<https://www.facebook.com/share/p/19AaRsyywv/>

№113 Қаракөл орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылында үйірмеге қамтылған оқушылар жайлы

р / с	мектеп	Барлық бала саны	Қамтылғаны саны, пайыз	Спорттық үйірме, атауы, қатысатын бала саны	Мектептегі үйірмелер	Шығармашылық үйірме	Пәндік үйірмелер	Қосымша білім беру ұйымдарында қамтылуы
	№113 Қаракөл орта мектебі	153	100%	Футбол – 25 Тоғызқұмалақ – 16 Волейбол-25 Асық ату, бес асық-20	Дебат – 30		Жас биолог– 12 Жас информатик -9 Ғажайып химия – 24 Funny English -10 Занимательная грамматика-13 Физика және энергетика -15 Сандар әлемәне саяхат -10 Жасыл клуб-30 Жас заңгер – 8 Жас сарбаз – 12 Тұлпар -15 Природа в литературе -15 Балдаурен -10 Шебер қолдар -10	1. Спорт мектебі –18 3. Жыр үйірмесі -9

2023-2024 оқу жылы

Сыныптар	Тұл жетім отбасы	Жартылай жетім отбасы	Көп балалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Толық емес отбасы	Мүмкіндігі шектеулі
1-4	-	1	15	21	1	1
5-9	-	4	15	18	4	-
10-11	-	2	6	3	1	-
Барлығы: 92		7	36	42	6	1

2024-2025 оқу жылы

Сыныптар	Тұл жетім отбасы	Жартылай жетім отбасы	Көп балалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Толық емес отбасы	Мүмкіндігі шектеулі
1-4	-	1	10	17	3	1
5-9	-	3	19	11	3	-
10-11	-	3	4	3	1	-
Барлығы: 80	-	7	33	32	7	1

2025-2026 оқу жылы

Сыныптар	Тұл жетім отбасы	Жартылай жетім отбасы	Көп балалы отбасы	Аз қамтамасыз етілген отбасы	Толық емес отбасы	Мүмкіндігі шектеулі
1-4	-		10	15	1	0
5-9	-	3	15	12	3	0
10-11	-	2	4	5	0	0
Барлығы: 70	-	5	29	32	4	0

2024-2025 оқу жылы
2024-2025 оқу жылы бойынша полиция органдарында профилактикалық есепте тұрған бала жоқ

**Девиантты мінез-құлықты балалардың тізімі
 (2024-2025)**

Тіркелмеген

**№113 Қаракөл орта мектебінде 2024– 2025 оқу жылында
 « Оқуға құштар мектеп, Балалар кітапханасы» жобасы аясында жүргізілетін жұмыстардың іс - шарасы**

р/с	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	«Жаңа кітап патшалығы» жаңадан келген көркем әдебиеттермен кітап көрмесін ұйымдастыру	қыркүйек	М. Өмірбекова
2	«Демалыста кітап оқимыз» 2 – 5 сыныптар	қазан	М. Өмірбекова Л. Тұматова
3	Coworking орталығында оқушыларға 20 минуттық кітап оқуды ұйымдастыру	тұрақты	М. Өмірбекова
4	А.Байтұрсынұлының өлеңдерінен челлендж жариялау	қазан	М. Өмірбекова Ж. Изимова
5	«Ертегімен есейем», «Әжем айтқан ертегі» онлайн жобаларын ұйымдастыру	жыл бойы	М. Өмірбекова
6	Батырлар жырын жатқа айту	қараша	М. Өмірбекова А. Жүсіпбекова
7	«Отбасымызбен кітап оқимыз» отбасылық челленд жариялау	тұрақты	М. Өмірбекова Сынып жетекшілер
8	«Ертегі оқисыз ба?» 2 – 4 сынып	желтоқсан	М. Өмірбекова А. Жүсіпбекова
9	«Оқы және өзгеге сыйла» атты буккросинг акциясын ұйымдастыру	жыл бойы	М. Өмірбекова
8	«Ертегі оқисыз ба ?» 2-4 сынып	желтоқсан	М. Өмірбекова
9	«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты байқау	желтоқсан	М. Өмірбекова
10	«Сөз маржан» танымдық байқау	қаңтар	Тілдер бірлестігі Сынып жетекшілер
11	« М. Әуезовтың туғанына 125 жыл толуына орай «Абай жолы» романын талдау 8 – 9 сынып	қаңтар	М. Өмірбекова Тілдер бірлестігі
12	« Мен оқыған бір кітап» Readx жобасы	қаңтар	М. Өмірбекова
13	М. Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы 5 – 8 сынып	ақпан	М. Өмірбекова Ж. Изимова
14	« Мақал – сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы» кітапханалық сағат	ақпан	М. Өмірбекова
15	«Аналар, асыл жандар» мәнерлеп оқу сайысы 5 – 9 сыныптар	наурыз	М. Өмірбекова Сынып жетекшілер
16	« Көктемде кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз»	наурыз	М. Өмірбекова

17	«Тұғырынан таймаған тұлға» ақын Т. Молдағалиевтің туғанына 90 жылдығына орай кітап көрмесін ұйымдастыру	наурыз	М. Өмірбекова
18	«Кітап сарқылмас рухани әлем» 2 сәуір балалар кітап күніне арналған кітапханалық сағат	сәуір	М. Өмірбекова
19	« Оқы. Ой түй. Жаса» буктрейлер	сәуір	М. Өмірбекова
20	« Ең үздік оқырман сынып» сыныптар арасында жарыс	сәуір	М. Өмірбекова Сынып жетекшілер
